

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ 2022 ЖЫЛҒЫ 28 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ ҚАУЛЫСЫ

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековтың Абай атындағы ҚазҰПУ түлектерінің жұмыспен қамтылу деңгейі туралы және жұмыс берушілердің пікірлерін қолдау жұмыстары атты баяндамасын тыңдап және талқылай отырып, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- 1.1 Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековтың «Абай атындағы ҚазҰПУ түлектерін жұмыспен қамту деңгейі және жұмыс берушілердің пікірлерін қолдау бойынша жұмыс» туралы ақпараты *назарға алынсын.*
- 1.2 ***Білім беру бағдарламаларын жобалау департаментінің директоры А.М. Байдильдинаға, институттар директорларына және кафедра меңгерушілеріне:***
 - жұмыс берушілердің ұсыныстарын ескере отырып, көптілді білім беру бағдарламаларын және ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламаларын іске асырудың қажеттілігі мен тиімділігіне талдау жүргізілсін (аралас мектептер үшін жаңа форматта көптілді топтарды қалыптастыру және құру: қазақ бөлімінде 1-2 курстарда, ал орыс бөлімінде 3-4 курстарда енгізілсін);
 - білім беру бағдарламаларының рентабельділігін арттыру үшін университет түлектерімен кері байланыс тетігін енгізу жүзеге асырылсын;
 - педагогикалық бағыттағы магистратурада дуальды оқытуды енгізу бойынша ұсыныстар берілсін.
- 1.3 ***Институттар директорларына және кафедра меңгерушілеріне, Мансап орталығының жетекшісі С.Ж. Қалибековаға:***
 - Алматы қаласының орта мектептерінде 2022/2023 оқу жылының көктемгі семестрінде «Оқуға құштар мектеп» акциясын педагогикалық білім беру бағдарламаларының бітіруші курс студенттерімен өткізілсін;
 - 8 семестрде өткізілетін бітіруші курс студенттерінің педагогикалық практикасын мына схема бойынша бағалау: 50% білім беру бағдарламасын игеру мониторингінің нәтижелері және 50% педагогикалық практиканың есебі қорғалсын.
- 1.4 ***Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековке, институттар директорларына және кафедра меңгерушілеріне:***
 - Абай атындағы университет түлектеріне оқу-әдістемелік және психологиялық көмек көрсету бойынша «Жас педагог мектебі» платформасын құру бойынша жұмыстарды ұйымдастырып, жүргізілсін.
- 1.5 ***Инфрақұрылымды дамыту департаментінің директоры Б.А.Мейірмановқа, академиялық мәселелер департаментінің директоры Х.Н.Жанбековке:***
 - Білім беру орталығын құру үшін білім алушылар қатарынан еріктілерді тарта отырып, университет қызметкерлерінің балалары үшін ұзартылған күн орталығын құру бойынша ұсыныстар талқылансын және ұсынылсын.

2. Ғылым департаментінің директоры Ұ.М. Әбдіғапбарованың Абай атындағы ҚазҰПУ ғылыми журналдарының мәселесі мен перспективасы туралы баяндамасын тыңдай және талқылай келе, Комитеттің қорытындысын ескеріп, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- 2.1 «Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы» журналының «Философия альманахы. Қазіргі заман: пікірлер әлемі «Философия ғылымдары» сериясының 2021 жылғы 4-ші санынан бастап; «Бастауыш мектеп және дене тәрбиесі» сериясының 2019 жылдан бері жарық көрмеуіне байланысты қысқартылсын.

2.2 «Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы» журналының «Филология ғылымдары» сериясының бас редакторының орынбасары **А.В. Таңжарықоваға:**

2.2.1 Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы» журналының «Филология ғылымдары» сериясының 2022 жылғы барлық төрт санының жарық көрмеуіне байланысты **2023 жылдың 31 қаңтарына дейін** аталған серияның 2022 жылғы барлық сандарының ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынатын Басылымдарға қойылатын талаптарға сәйкес жариялануы қамтамасыз етілсін.

2.2.2 Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы» журналының «Филология ғылымдары» сериясының 2021 жылдан жеке сайтының жасалуына және DOI нөмірлерімен қамтамасыздандырылуына байланысты осы серияның ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынатын Басылымдар тізбесіне енгізуге ұсынылуы қамтамасыз етілсін.

2.3 «Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы» журналының «Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясының бас редакторы **Р.Б. Әбсаттаровқа** осы серияның 2021 жылдан жеке сайтының жасалуына және DOI нөмірлерімен қамтамасыздандырылуына байланысты ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынатын Басылымдар тізбесіне енгізуге ұсынылуы қамтамасыз етілсін.

2.4 Ғылым департаментінің Ғылымметрия және ғылыми басылымдар орталығының жетекшісі **Т.Б. Қилыбаевқа:**

2.4.1 «Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы» журналының «Юриспруденция»; «Арнайы педагогика» серияларының 2022 жылдан жеке сайтының жасалуына байланысты аталған серияларды бас редакторларымен біргелікте ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынатын Басылымдар тізбесіне енгізуге дайындық жұмыстары жүргізілсін.

2.4.2 2023 жылдан бастап «Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы» журналының барлық серияларының мазмұнын бас редакторларымен біргелікте ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынатын Басылымдар тізбесінде қойылған талаптарға сәйкестендіру жұмыстары жүргізілсін.

2.5 Осы шешімдердің орындалуын бақылау зерттеу қызметі жөніндегі проректор Е.Бөрібаевқа тапсырылсын.

3. Контингентті қалыптастыру жөніндегі жетекшісі Н. Әуесбекұлының «Кәсіби бағдар жұмыстарының жоспарын жүзеге асыру барысы және 2023-2024 оқу жылына талапкерлерді тарту бойынша алдағы міндеттер туралы» есебін тыңдап және талқылай келе, ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:

3.1 *Контингентті қалыптастыру жөніндегі жетекшісі Н. Әуесбекұлының* Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Кәсіби бағдар жұмыстарының жоспарын жүзеге асыру барысы және 2023-2024 оқу жылына талапкерлерді тарту бойынша алдағы міндеттер туралы» есебі - қабылдансын.

3.2 *Контингентті қалыптастыру жөніндегі жетекшісі Н.Әуесбекұлына, маркетинг бөліміне, институт директорларына:*

- 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес мектеп бітіруші түлектерге Кәсіби бағыт бағдар беру жұмыстарын жүргізу одан әрі жалғастырылсын (*Мерзімі – үнемі*).

- мектеп бітіруші түлектерге Кәсіби бағыт бағдар беру жұмыстарын жүргізу мақсатында, 2022-2023 оқу жылында өткізілетін Республикалық және Халықаралық көрмелерге қатысу ұйымдастырылсын (*Мерзімі – үнемі*).

- шет елдік білім алушыларды университетке көптеп тарту мақсатында Халықаралық деңгейде, кәсіби бағыт бағдар беру форумдарын өткізу, университеттің «Ашық есік» күндерін өткізу жұмыстары жүргізілсін; (*Мерзімі – үнемі*).

3.4 *Білім беру бағдарламасын жобалау департаменті директоры А. Байдильдинаға, институт директорларына, Контингентті қалыптастыру жөніндегі жетекшісі Н.Әуесбекұлына:*

- 2023/2024 оқу жылына бакалавриат, магистратура және докторантура бойынша қабылдау жүргізілетін білім бағдарламаларының тобын нақты анықтап университет сайтына қабылдау жүргізілетін білім бағдарламаларының тобы бойынша ақпарат берілсін (*Мерзімі – 15.02.2023 жс*)

4. Ғылым департаментінің директоры Ұ.М. Әбдіғапбарованың Абай атындағы ҚазҰПУ 1 курс докторанттардың диссертация тақырыбын бекіту туралы баяндамасын тыңдай және талқылай келе, Комитеттің қорытындысын ескеріп, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- 1-курс PhD докторанттарының докторлық диссертация тақырыптары (отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілері)
1- қосымшаға сәйкес бекітілсін.

5.1 Әртүрлі/Біліктілік істер.

5. Осы шешімдердің орындалуын қадағалау Академиялық мәселелер жөніндегі проректор **Г.С.Джарасоваға** жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Бас ғалым хатшы



Д. Билялов
Ж. Битибаева

Д. Билялов

Ж. Битибаева